

АЗИЗОВ ХУДАЙБЕРГЕН АЛИМБАЕВИЧТИҢ

8D09101- «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Поликомпонентті фитопрепараттың қозылар ағзасының телімсіз резистенттілік көрсеткіштеріне әсері және бронхит ауруына қарсы емдік тиімділігі» тақырыбы бойынша орындалған диссертациялық жұмысына берілген

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу. Ауыл шаруашылығы жануарлары төлдерінің тыныс алу жолдары аурулары кең таралуымен және жоғары аурушандық көрсеткішімен сипатталады. Бұл аурулардан болатын экономикалық залал жануарлардың өлімі, мәжбүрлі сою, ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге жұмсалатын шығындар және ауруға шалдыққан жануардың өнімділігінің күрт төмендеуі есебінен қалыптасады.

Қозылардың тыныстану жүйесі аурулары әлемнің барлық елдерінде кең таралған және жануарлардың тірідей салмағы мен өсіп-дамуының төмендеуіне және олардың өлімінің жоғарылауына байланысты мал шаруашылығына үлкен экономикалық зиян келтіреді. Таралу кендігі, өлім-жітім, мәжбүрлі сою, тірідей салмағының өспеуі бойынша тыныс алу жүйесінің аурулары басқа аурулармен салыстырғанда басым болады. Бұл ауруларға көбінесе жас жануарлардың 80-100%-ы бейім болады, ал леталдық көрсеткіші 55% - ға дейін немесе одан да көп болуы мүмкін, ал бұл өз кезегінде саланың экономикалық тиімділігінің 20-30% - ға дейін төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Бұл аурулардың этиопатогенезінде вирустар, микоплазмалар, хламидиоздар және бактериялар жетекші рөл атқарады. Сыртқы ортаның өзгеруімен және дененің тұрақтылығының төмендеуімен шартты түрдегі патогендік микрофлора патогендік түрге ауысып, ал бұл өз кезегінде патологиялық процестің дамуына әкелуі мүмкін. Мұның бәрі, сайып келгенде, тиісті ем болмаған жағдайда, жас жануарлардың өліміне немесе өсу мен дамудың төмендеуіне душар еткізеді. Зерттеушілердің пікірінше, жас төлдің бұл ауруларға шалдығуы наурыз, сәуір және мамыр айларында ең көп тіркеледі. Алайда, жекеленген жағдайларда шілде - тамыз айларында да байқалады. Ауруға көбінесе (66% дейін) 1 айдан 3 айға дейінгі төлдер бейім болады.

Қазіргі кезде ветеринариялық тәжірибеде жануарлардың респираторлық ауруларын емдеу үшін көптеген әдістер мен антибактериалды дәрі-дәрмектер кеңінен қолданылады. Олардың басты кемшілігі - препараттарды ұзақ мерзімде қолдану микроорганизмдердің көптеген төзімді штамдарының пайда болуына әкеледі, сонымен қатар негізсіз қолдану иммунитетті төмендетеді, дисбиоздың пайда болуына және микроорганизмдердегі төзімділіктің жоғарылауы мен емдік тиімділігінің төмендеуіне ықпал етеді.

Сондықтан қазіргі кезде мал шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында төлдердің респираторлық ауруларын емдеу үшін неғұрлым тиімді, әрі қауіпсіз дәрілік препараттарды әзірлеу және тәжірибе жүзінде енгізу талап етіледі.

Қазіргі клиникалық медицина тәжірибесінде қолданылатын дәрі-дәрмектердің 30%-дан астамы өсімдік шикізатынан алынады. Фитопрепараттар барлық ауруларды, соның ішінде жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, жұқпалы аурулар, асқазан - ішек жолдары аурулары және т.б. әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу үшін қолданылады, ал ветеринарияда, өкінішке орай, олар әлі де жеткіліксіз пайдаланылады. Сондықтан айқын микробқа қарсы ғана емес, сонымен қатар қабынуға қарсы және иммуномодуляциялық әсері бар, минималды жанама әсері бар және дәрілік өсімдіктерді қолдана отырып жасалған жаңа препараттарды әзірлеу өте өзекті міндет болып табылады.

Респираторлық ауруларды емдеуде микробтарға қарсы қолданылатын препараттардың көптігіне қарамастан, бұл мәселе әлі де болса өзекті болып қала береді. Сондықтан да емдік қасиеті бар жергілікті дәрілік өсімдіктер шикізатынан дайындалатын препараттар қозылардың респираторлық ауруларын, оның ішінде бронхиттің алдын алуда және емдеуде маңызды болып табылады, сондай-ақ олар экологиялық таза, биологиялық қауіпсіз және экономикалық тұрғыдан тиімді болып келеді.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу. Клиникалық зерттеу жұмыстары бронхит ауруына шалдыққан қозыларға жүргізілді. Өндірістік тәжірибелер жүргізу үшін олар аналог принципі бойынша (жасы, салмағы) 2 топқа бөлінді: тәжірибелік және бақылау топтары болып. Тәжірибелік жұмыстар жүргізу кезінде шаруашылықтарда айтарлықтай жұқпалы және инвазиялық аурулар кездеспеді. Қозылар тұратын жерлерге үнемі ветеринариялық-санитариялық шаралар жүргізіліп отырды, сондай-ақ температуралық режим, ауаның ылғалдылығы, аммиактың және күкіртті сутектің деңгейлері мұқият қадағаланып, тексеріліп отырылды.

Клиникалық сау және ауру қозылардың иммундық жағдайын бағалау үшін қанның құрамындағы лейкоциттердің абсолютті саны, лимфоциттердің және олардың негізгі популяцияларының (Т- және В - лимфоциттер) салыстырмалы және абсолютті саны, нейтрофилдердің функционалдық белсенділігі, қан сарысуындағы G-,M, A-класына жататын иммуноглобулиндердің деңгейі, лизоцимдік және бактерицидтік белсенділіктер анықталды. Имунитеттің гуморальдық және жасушалық көрсеткіштері П.А.Емельяненконың әдістемелік ұсыныстарына сәйкес анықталды [186]. Жалпы қан анализі Sistemex-21 (Жапония) гематологиялық анализаторының көмегімен; иммуноглобулиндердің құрамы "Иммулайт 1000" (АҚШ) автоматтандырылған анализаторын қолдана отырып; нейтрофилдердің фагоцитарлық белсенділігі КарлЦейс, ПримаСтар (Германия) М-50 (Австрия) микроскоптарының көмегі арқылы анықталды.

Қозылардың иммундық көрсеткіштерін бағалау және коррекциялауды А.Г.Шахов ж.б. әдістемелік ұсыныстары негізінде жасалынды.

Дәрілік өсімдік шикізатының фармакологиялық, токсикологиялық көрсеткіштерін және олардан әртүрлі фитопрепараттар дайындауды (тұнба, қайнатпа, экстрактілер) Хабриев Р.У., Тихонов А.И., Ярних Т.Г. ұсынған әдістемелері негізінде анықталды.

Фитопрепараттардың антими­кробты белсенділігін зерттеу сұйық қоректік ортада сериялық сұйылту әдісімен патогендерге қатысты жүргізілді.

Дәрілік өсімдіктердің жіті, куммулятивті, созылмалы уыттылық көрсеткіштерін зерттеу арнайы әдістемелік нұсқаулар негізінде жүргізілді.

Алынған цифрлық деректер орташа арифметикалық шамаларды және олардың статистикалық қателіктерін ($M \pm m$) есептей отырып, вариациялық статистиканың тұрақты әдісімен өңделді, Студенттің критерийі бойынша салыстырылатын көрсеткіштердің дұрыстығы (P) анықталды. Есептеулер үшін Microsoft Excel статистикалық талдау пакеті қолданылды.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Диссертациялық жұмыста қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес эксперименттік ғылыми-тәжірибе жұмыстары 2021-2024 жж. аралығында Алматы облысына қарасты Жамбыл және Еңбекшіқазақ ауданының жеке шаруа қожалықтарында, клиникалық, фармакотоксикологиялық, иммуноморфологиялық және биохимиялық зерттеу жұмыстары Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті жанындағы Қазақ-Жапон инновациялығы орталығының зертханасында, «Фармакология және жануарлар патологиясы» кафедрасының оқу-ғылыми зертханасында, Вармин-Мазурск университетінің (Польша) биохимиялық және иммунологиялық зертханасында, ҚазҰАЗУ жануарлар клиникасы мен виварийінде, сондай-ақ кейбір фармакологиялық зерттеу жұмыстары С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Фармацевтикалық технологиялар» кафедрасының зертханасында жүргізілді.

Арнайы технологиялар бойынша жергілікті дәрілік өсімдіктер шикізатынан поликомпонентті фитопрепараттар әзірленді және олардың фармако-токсикологиялық, микробиологиялық қасиеттері мен оңтайландырылған дозалары анықталды; фитопрепараттар уыттылық дәрежесі бойынша қауіптіліктің IV класына жатады (қауіптілігі төмен заттар); зертханалық жануарларға фитопрепараттарды максималды дозада енгізу жіті, куммулятивті, созылмалы интоксикацияны тудырмайтындығы; патогенді бактерияларға қарсы айқын антими­кробты әсер ететіндігі дәлелденді.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде бронхитке шалдыққан қозыларда иммундық тапшылығы жағдайы тіркелді. Зерттеулер жүргізу бойынша алынған деректер негізінде поликомпонентті фитопрепараттардың бронхитпен ауырған қозылар ағзасы телімсіз резистенттілігінің гуморальдік және торшалық иммунитет көрсеткіштеріне қуаттандырып әсер ететіндігі анықталды.

Поликомпонентті фитопрепараттар қозылардың респираторлық ауруларына қарсы емдік және профилактикалық тұрғыдан тиімді әсер ететіндігі дәлелденді: кешенді микстураны қолданудан аурудан сақтандыру көрсеткіші 96,7%, поликомпонентті экстрактіден - 100% болатындығы, ал бақылау тобында көрсеткіш тек 80,0% болды; қайнатпалар мен тұнбаларды қолданудан емдік тиімділік 96,7%, ал салыстырмалы бақылау тобында 76,7% ғана болды, аурудың ұзақтығын 3-4 тәулікке қысқартады; орташа тәуліктік және абсолюттік салмақ қосу көрсеткіштері салыстырмалы түрде, тиісінше 25 гр және 2,3 кг артық болды; поликомпонентті экстракті айқын емдік әсерге ие болатындығы

анықталды: емдік тиімділігі 100%, бақылау тобында 80%; емдеу мерзімін 3-5 тәулікке дейін қысқартады; орташа тәуліктік және абсолюттік салмақ қосу көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда, тиісінше, 28,5 гр және 2,73 кг көп болды; поликомпонентті фитопрепараттарды қолдану экономикалық тұрғыдан тиімді болатындығы есептелінді.

Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер нақты әдіснамаларды қолдана отырып алынған және шынайы болып табылады.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Х.А.Азизов орындаған диссертациялық жұмыстың құрылымы және зерттелген тақырыптары бірегей, тәжірибелік және теориялық маңызы бар. Тақырыптың негізгі аспектілері қойылған мақсат пен міндеттер аясында топтастырылған. Диссертациялық жұмыстың әр бөлімі, жалпы құрылымы және ішкі мазмұны қарастырылып отырған мәселені толық сипаттап, одан тиісті қорытынды шығаруға бағытталған. Ғылыми зерттеу материалдары толық негізделіп, талдаудан өткізілген және цифрлық деректер вариационды-статистикалық өңдеуден өткізілген. Докторанттың зерттеліп отырған тақырып аясында кең ауқымды мәселелерді қарастырған. Ол тұжырымдаған қағидалар мен ғылыми нәтижелері қозылардың респираторлық ауруларын, оның ішінде бронхит ауруын емдеу және алдын алуға бағытталған шараларды жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі. Ғылыми жұмыс ҚР «Ұлттық Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (НЦГНТЭ)» АҚ бекітілген (тіркеу №0125РКИ0014) «Фитопрепараттардың ауылшаруашылығы, жануарлары төлдерінің респираторлық ауруларына қарсы емдік тиімділігін зерттеу» ынталандыру тақырыбы аясында орындалды. Диссертациялық жұмыс материалдары бойынша 18 ғылыми жұмыстар жарияланды, оның ішінде Web of Science деректер базасына кіретін жарияланыман 1 мақала, ҚР ҒжЖБ Министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған отандық жарияланымдарда 5 мақала, 1 пайдалы модельге алынған патент, 1 әдістемелік ұсыныс, 6 халықаралық ғылыми конференция жинақтарындағы ғылыми мақалалармен расталған.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі. Ізденушінің диссертациялық жұмысы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде орындалған. Диссертацияда алынған ғылыми зерттеу нәтижелері өзінің жаңалығымен ерекшеленеді, сонымен қатар ғылыми салаға және өндіріс мамандары үшін теориялық және тәжірибелік маңызы бар деп есептеймін. Диссертациялық жұмысты орындау барысында автор көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін көздері тиімді пайдалана білген. Диссертант зерттеу тақырыбы бойынша қызығушылық, ғылыми жұмыста еңбексүйгіштік, табандылық және дербестік танытты. Ғылыми зерттеу жұмыстарының әдістемесін тез меңгеріп, өздігінен жұмыс барысында пайдалана білді. Алынған нәтижелерді өздігінен талдау жасауға дағдыланды.

Қорытынды. Докторанттың орындаған диссертациялық жұмысы толық аяқталған ғылыми еңбек деп есептеуге болады. Қойылған мақсат пен міндеттер толығымен орындалған. Қорытындылар мен ұсыныстар диссертанттың өзіндік зерттеу жұмыстары негізінде жасалынған.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, орындалған жұмысының көлемі, өзектілігі, жаңалығы, тәжірибелік құндылығы және зерттеу бағыты жағынан докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келетіндігін ескере отырып, докторант Х.А.Азизовтың 8D09101 - «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесшісі:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің
«Фармакология және жануарлар патологиясы»
кафедрасының профессоры, в.ғ.д.



Заманбеков Н.А.

Н.Заманбековтың қойған қолын растаймын.

ҚазҰАЗУ Бас ғалым хатшысы, э.ғ.д., профессор

У. Керимова

